

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ  
Ж. Қ.АСАНОВ МЫРЗАҒА

Атырау облыстық адвокаттар алқасының  
мүшесі, адвокат  
С.Айыпқызынан

АЛҒЫС ХАТ

Сот жүйесі- мемлекетіміздің айнасы. Сот жүйесінде судьялық қызмет ету – үлкен табандылықты, зерделік пен парасаттылықты, адалдық пен ұстамдылықты, жауаптылықты, көрегенділікті талап етеді. «Қазақстан Республикасының сот әділдігін тек сот қана жүзеге асырады» - деп ата заңымызда бекітілген.

Осы ретте, Сіздің басшылық етіп отырған Атырау облысының соттары, соның ішінде Атырау қаласының №2 сотының судьялары -әділдікті ту етіп, халыққа адал қызмет жасап келе жатырғанына көзім жетті.

Атырау қаласының №2 сотының мамандарының адамға деген қарым-қатынасы, сөйлесу мәнері өте сыпайы.

Бұл жағдайларға куә болуыма себеп болған жәйт- Атырау қаласының №2 сотының судьясы Е.Б.Алипкалиевтың өндірісінде менің қорғауымдағы сотталған Р-ға қатысты жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы іс құжаттары қаралған болатын.

Бұл ретте, **Атырау қаласының №2 сотының судьясы Е.Алипкалиев** сот төрелігін жүзеге асыру барысында әділ шешім шығарды. **Судьяның хатшысы Қыздарбай Айгерім** процеске қатысушылармен сыпайы сөйлесіп, сұрақтарымызға байыпты түрде жауап беріп, сот актілерін процеске қатысушыларға уақытылы табыстауға өз ықпалын тигізді.

Судья Е.Алипкалиевтың іс құжаттарын қарау барысындағы *(басқа істер бойынша да қатынасқан болатынмын)* кәсібилігін ерекше атап өткім келеді, себебі судьяның істі қарауда әрбір құжатпен жіті танысып, сот процесін уақытылы бастап, істі жан-жақты қарауына тәнті болдым. Сондай-ақ, сот отырысы барысында судьяның өзін ұстауы, іске қатысушыларға құрметпен қарауы, заңдылықтың сақталуын қатаң қадағалауы, заңдылық пен ашықтықтың орнауы- процеске қатысушылардың сенімін ұялатады.

Сонымен қатар, судья Е.Б.Алипкалиев халықтың жағдайын түсініп, істі созбалаушылыққа салмай, судья ретінде өзінің біліктілігін, тәжірибесі жоғары судья екендігін көрсетті. Сот отырысында судьяның әділ төрелігінің арқасында менің қорғауымдағы сотталғанның заңды құқықтары мен мүдделері толық қорғалды.

Сот төрешісі судья мандатына лайықты екендігін көрсетіп, сот ісін жүргізу барысында да заң нормаларын сақтай отырып, келтірілген дәлелдемелерді бағалай отырып, әділетті, заңды шешім шығарды.

Осы ретте, Қазақстан Республикасының сот жүйесінің өте жоғары деңгейде екендігіне көзім жетті. Өз басым судья Е.Б.Алипкалиев істі қарау кезінде қарапайымдылық танытып, тараптарға тең көзбен қарағаны үшін риза болдым.

Сіз басшылық етіп отырған Атырау облысының судьяларына деген сенімім одан ары арта түсті.

**Атырау қаласының №2 сотының судьясы Е.Б.Алипкалиевтың** адамгершілігі мен азаматтығына және істі заңды, әрі әділ түрде қарағаны үшін және **хатшы Қыздарбай Айгерімнің** өз жұмысына тиянақтылығына, қарапайымдылығына үлкен алғысымды білдіремін!

Осы алғысымды білдіру арқылы Сіз басқарып отырған үлкен ұжымға және барлық судьялардың дендеріне зор денсаулық пен сәттілік, күрделі қызметтеріңізге табыстар тілеймін!

*Ізгі ниетпен:*

**Атырау облыстық адвокаттар  
алқасының мүшесі, адвокат**



**С.Айыпқызы**

*«26» ақпан 2021 жыл.*